

Ата- аналарды педагогикалық қолдау орталығының

атқарылған жұмыстың есебі

Ата- аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары негізінде «Уақытты басқару және өзін өзі ұйымдастыру» , «Отбасы бақыт мекені» , «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» тақырыптарында жаңа форматтағы ата-аналар жиналысы, ата-аналармен психологиялық тренингтер өткізілді.

Қазан айында «Отбасы –тәрбиенің алтын бесігі» челленджі өткізілсе, қараша айында отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы ұйымдастырылды.

"Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында оқушылар аналарымен бірге жасаған тағамдары бойынша «Күзгі асар» жәрменкесі , қарттар күніне арналған "Қарттар -біздің асыл қазынамыз" атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырды.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасын іске асыру, "Шабыт "жобасы аясында "Екі жұлдыз" ән байқауы анасы мен баласының қатысуымен 3 кезең бойынша ұйымдастырылып өз мәресіне жетті. "Бас жұлде" 3 а сынып оқушысы Советхан Айару мен анасы Сәндігүл Қуандыққызы иеленсе, I орын 8 а сынып оқушысы Есенхан Еркежан мен ұстазы Венера Полатбекқызына бұйырды, II орын 4 6 сынып оқушысы Алданыш Аяла мен ұстазы Шағуан Ерболатқызы алды, III орын 4 а сынып оқушысы Жолжақсы Раяна мен анасы Лена Хағайқызы иеленді.

9-11 сынып ата-аналарымен «Балаңызбен сырласасыз ба?» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, өткізілді.

Мақсаты: Мектеп, оқушы және ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Оқушының өз ойын ата-анасына еркін айтып, сыйластық және сырларын бөлісе білу үшін жақсы қарым қатынаста болудың маңыздылығын түсіндіру.

Дөңгелек үстел алдымен ата-аналармен танысудан басталды. Танысу « Мен және мендегі жақсы қасиет» мектеп психологі Ерболат Шағуан танысуды өзінен бастады. Барлық ата-ана өзін таныстыра отырып, бойларындағы жақсы қасиеттерін атап өтті.

«Бақытты ана, бақытты бала, бақытты ел» тақырыбында көпбалалы аналармен кездесу өткізді.

Мақсаты: баланың құқығын түсіндіру, отбасындағы бала мен ата-анасындағы қарым-қатынасты нығайту. Аналармен бала тәрбиесі жайында пікірлесу.

Кездесу барысында көпбалалы аналар бала тәрбиелеудегі өздерінің тәжірибелерін ортаға салып, болашақта өз-өзіне сенімді, ата-анасын

құрметтей білетін, бауырмал ұрпақ тәрбиелеудің маңыздылығына тоқталды.

Сондай-ақ кездесу барысында ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылып, жауап алынды.

«Бала тәрбиесі мен өмір қауіпсіздігіндегі ата-ана жауапкершілігі»

тақырыбында жалпы ата-ана жиналысы өткізілді.

Мақсаты: сыныптар бойынша І- жарты жылдық қорытындысымен таныстыру.

Қысқы демалыс күндеріндігі қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат беру.

Жиналысқа 1-11 сынып ата-аналарынан 68 ата-ана қатысты. Қысқы демалыс күндеріндігі қауіпсіздік ережелері туралы ақпараттармен танысты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасынан әдеби, ертегі кітаптар оқу арқылы оқушылардың жылдам оқу дағдысын, әдеби кітаптарға деген қызығушылығын арттыру керек екендігін білді.

Даналық мектебінің «Ата өсітеі», «Әже даналығы», «Әке қамқорлығы», «Ана мейірімі» сияқты секциялары да қарқынды жұмыс жасауда. Әр сынып жетекшіде ата анамен қарым қатынас дәптері бар сонымен қоса әр тоқсан сайын сыныптың ата-аналар жиналысы өткізіліп тұрады.

Ата -аналарға арналған бейнежазбалар, анкеталар, ата-аналар жиналыстары, сайыстар, тренингтер т.б іс-шаралар атқарылуда.

Қараөзек ауылының ЖОББМ тәрбие ісінің меңгерушілері : Мағзум А
Қуандық С.